

2011 жылға Әуликөл ауданындағы бостандықтан айыру орнынан шыққан тұлғаларға және интернаттық ұйымдардың кәмелетке толмаған тұлғалары үшін жұмыс орындарының квотасын белгілеу туралы

Қостанай облысы Әуликөл ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 29 наурыздағы № 149 қаулысы. Қостанай облысы Әуликөл ауданының Әділет басқармасында 2011 жылғы 21 сәуірде № 9-7-136 тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31 бабына, "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 7-бабы 5-5) және 5-6) тармақшаларына сәйкес, Әуликөл ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2011 жылға Әуликөл ауданының барлық меншік нысандарындағы кәсіпорындарында, ұйымдары мен мекемелерінде бостандықтан айыру орнынан шыққан тұлғаларға және интернаттық ұйымдардың кәмелетке толмаған тұлғалары үшін жұмыс орындарының жалпы санынан екі пайыздың шамасында квота белгіленсін.

2. "Әуликөл ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесіне бостандықтан айыру орнынан шыққан тұлғалардың және интернаттық ұйымдардың кәмелетке толмаған тұлғаларының бар бос қызмет жұмыс орындарының квотасына сәйкес жұмыс орындарына жұмысқа орналасу үшін ж о л д а м а н ы қ а м т а м а с ы з е т у .

3. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау аудан әкімінің орынбасары Р. С. Н ұ ғ м а н о в а ғ а ж ү к т е л с і н .

4. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Әуликөл ауданының әкімі

Б. Ғаязов